



Magjan zhuldizy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 23 (925) 11 маусым 2026 жыл

www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi <https://www.instagram.com/magzhan.zhuldizi/> e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ЖҰМЫС САПАРЫ

ОБЛЫСТА АГРАРЛЫҚ САЛА - АЛҒА ДАМУДА

Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысы шаруашылықтар арасында сүт өндіру көлемі бойынша екінші орында тұр және еліміздегі сүт өңдеу көлемінің шамамен 1/6 бөлігін қамтамасыз етеді.

Есіл ауданы Корнеевка ауылында Олжас Бектенов «Атамекен-Агро-Корнеевка» ЖШС заманауи цифрлық тауарлы сүт фермасының жұмысымен танысты. Кәсіпорын директоры Александр Фадеевтің айтуынша, фермада 2,5 мың сүтті ірі қара мал, оның ішінде 1,3 мыңнан астам сиыр бар. Голштин-фриз тұқымды мал Мажарстан, Германия, Дания және Нидерландтан әкелінген. Қазақстанның қысына бейімделген Германиядан әкелінген алғашқы 300 бас мал биыл күзде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өткізіледі.

Олжас Бектенов Westfalia компаниясының 40 басқа арналған автоматтандырылған сауу залын, сондай-ақ табын мен өндіріс процестерін басқарудың цифрлық жүйелерін көрді. Фермада сауылған сүт көлемінің автоматтандырылған есебін жүргізуге, жабдық жұмысын қадағалауға, жануарлардың жағдайын, олардың белсенділігін мененімділігін бақылауға мүмкіндік беретін DairyPlan және CowScout шешімдері қолданылады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша ферма шамамен 11 мың тонна сүт өндірді. Жыл басынан бері өндіріс көлемі шамамен 3 мың тоннаға құрады.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Марат Тасмағанбетов Мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспарын жүзеге асыру туралы баяндады. Өңірде 118 тауарлы сүт фермасы, 9 құс фабрикасы жұмыс істейді, оның ішінде қуаттылығы жылына 600 млн жұмыртқадан асатын 6 жұмыртқа бағыты бар. 2025 жылдың қорытындысы бойынша мал шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 6% өсіммен 208 млрд теңгені құрады. Ет өндірісі 82 мың тоннаға, сүт 382 мың тоннаға, жұмыртқа 631 млн данаға жетті.

Премьер-министр Мемлекет басшысы шаруаларды қолдау шараларына ерекше көңіл бөлетінін атап өтті. Тауарлы сүт фермаларын дамыту Президенттің АӘК-дегі әнділген өнім үлесін 70%-ға жеткізу жөніндегі нақты міндетіне сәйкес келеді. Мұндай жобалар азық-түлік қауіпсіздігін нығайтады, қайта өңдеу үшін шикізат базасын кеңейтеді ері ауылдық жерлерде тұрақты жұмыспен қамту ісін қалыптастырады.

Олжас Бектенов облыс басшылығы мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің назарын ветеринариялық қауіпсіздік мәселесіне ерекше аударды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2024 жылдан бері ветеринария саласы кейінгі 14 жылда алғаш рет жүйелі дамуға қажетті қаржы алды. Соңғы екі жылда республика бойынша жалпы құны 9,1 млрд теңге болатын 600-ге жуық ветеринариялық нысан салынды.

«Бүгінгі таңда эпизоотиялық жағдай қолайлы болып отыр. Соңғы үш жылда біздің өңірде бруцеллез 12 есе азайды, қойласыз пункттер 7 пунктке төмендеді деген ұйғарым алдық. Аурудың күрт өршу ошағы қысқарды. Бұл үшін барлық жағдайлар жасалған, биыл республикалық



Премьер-министр Олжас Бектенов Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында Президенттің агроөнеркәсіп кешенін дамыту, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру және отандық өнімді терең өңдеу жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысын тексерді. Атап айтқанда, «Атамекен-Агро-Корнеевка» ЖШС цифрлық тауарлы сүт фермасы, «Қызылжар Жем» ЖШС шаруашылығы және «Eurasian milk» ЖШС сүт өңдеу зауытына барды.

бюджеттен 57 ветеринариялық пункт пен 2 ветеринариялық станса салуға 1,8 млрд теңге бөлінді. Ветеринариялық пункттердің құрылысы жеке қосалқы шаруашылықтар үшін ветеринариялық саулықты сақтауға елеулі қолдау болмақ, оларда ветеринариялық манипуляциялардың барлық спектрі жүргізіледі», — деп баяндады Марат Тасмағанбетов.

Анықтама: Елімізде жылына барлығы шамамен 1 млн тонна сүт өндіретін 373 тауарлы сүт фермасы жұмыс істейді. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмасын орындау үшін жылына шамамен 600 мың тонна сүт өндіретін 116 заманауи тауарлы сүт фермасын салу жоспарланған. Қазірдің өзінде 71 ферма пайдалануға берілді. Осы жылдың соңына дейін тағы 19 ферманың құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Өңірді дамытуға бағытталған цифрлық шешімдерді өңгізу және Digital Aймақ жобасын жүзеге асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысы Руслан Әлішев баяндады. Бүгінгі таңда СҚО-да ауыл тұрғындарына заманауи технологиялар мен цифрландыруға қол жеткізуге мүмкіндік беретін 10 аудандық және 3 ауылдық креативті IT-орталықтары жұмыс істейді. Жыл соңына дейін өңірде ауылдарда осындай тағы 11 орталықты іске қосу жоспарлануда.

SKO Hub және Quzylyar Creative Center алаңында 3 мыңнан астам адам цифрлық дағдыларға оқытудан өтті, 400-ден астам іс-шара өткізілді, 30 стартап құрылды, инвестициялар тартылуда. Аталған жұмысты осыған ұқсас қытайлық Digital village жобасы аясында кеңейту мәселесі псықыталауда.

Руслан Әлішев сондай-ақ Digital Quzylyar IT-паркін құру жоспары туралы баяндады. Бұл өңірлік IT-компаниялардың өсуі үшін жағдай жасауға, Digital Aймақ өңірлік жобасын үйлестірудің бірыңғай орталығын қалыптастыруға және

облыс экономикасының негізгі салаларының цифрлық трансформациясын жеделдетуге мүмкіндік береді.

«Қызылжар Жем» ЖШС жоғалығын аумағында Премьер-министр егін өңір жұмыстарының қорытындысымен танысып, дөңді дақылдардың ультраерте сұрпын алқабын тексерді. Кәсіпорын аралас ауыл шаруашылығын жүргізуге манданған.

Кәсіпорын директоры Данияр Анафин тәжірибе алаңында Socobra Recherches S.A. компаниясының француздық сұрыптаудан шыққан Salixo сұрпын жұмсақ жаздық бидайын себу жоспарының отырғанын айтты. Сұрпы ерте пісетін дақыл түріне жатады, вегетациялық кезеңі 85 күн және өнімділігі жоғары. Salixo бұған дейін топырақ-климаттық жағдайлары Солтүстік Қазақстан облысына жақын Батыс Сібір өңірлерінде жоғары тиімділігін дәлелдеген. Қолайлы жылдары аталған сұрпының өнімділігі гектарына 60 центнерге дейін жеткені атап өтті. Экономикалық тиімділігі бойынша бұл сұрпы жоғары табысты бірқатар дақылмен бәсекелесе алады, бұл оны Солтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы өндірісіне одан ері өңгізу үшін перспективалы етеді. Ерте пісетін бидайды өсіру жұмыстарын «Солтүстік-Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасы сүйемелдейді».

Сондай-ақ жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен кездесу өтті. Олжас Бектенов шаруаларды егін өңір науқанының аяқталуымен құттықтады. Қазақстан бидайды ірі экспорттаушылардың одығына кіреді және өлемдік үн нарығында көшбасшылық позициясын сақтап отыр.

«Президенттің тапсырмасы бойынша үшінші жыл қатарынан аграрлық секторға ауқымды қолдау көрсетілуде. Биыл өсімдік және мал шаруашылығы салалары жалпы қаржыландыру көлемі 1 трлн 200 млрд теңгеге жетті. Нәтижесін көріп отырмыз: соңғы

екі жылда жақсы өнім алынды. Бүгінде біздің астық өлемнің 70 өліне экспортталады. Қазақстан өлемдегі астық жеткізуді он елдің қатарына кіріп отыр. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саланы дамытуға ерекше көңіл бөлуінің және фермерлердің күнделікті қажырлы еңбегінің нәтижесі. Біз жұмысты одан өрі жалғастырамыз», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

«Кең дала-2» бағдарламасы бізге қолдау көрсетті. Бүгінде біз қаржыландыруды жоспарлауға мүмкіндік алдық, қаражаттың уақтылы түсуіне сенімділік бар – бұл өте жақсы мүмкіндік. Тыңайтқыштың уақытында келетінін немесе келмейтінін білмейтін уақыттар болды. Бүгінде біз тыңайтқыштарды тұрақты түрде алып отырмыз. Соңғы жылдары дизель отынына қатысты мәселелер шешілді, біз іс жүзінде ешқандай қиындық көріп отырған жоқпыз. Бұл үшін Президентке шынайы алғысымызды білдіреміз. Біздің міндетіміз – жақсы өнім алып, өңіріміздің дамуын қамтамасыз ету және Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру. Сонымен қатар біздің механизматорлардың жалақысы қаладағы еңбекақы деңгейінен кем емес», — деді «СК Вагулинское» ЖШС директоры Виктор Редін.

«Ақселеу» ЖШС директоры Серік Малаев егін жұмыстарының жүргізілуінде мемлекеттік қолдау шараларының маңызды рөл атқарғанын атап өтті. Шаруалар 5% мөлшеріменмен жөнілетілген неселерді, арзандатылған минералды тыңайтқыштарға қолжетімділікті және қажетті көлемдегі жанар-жағармай материалдарын уақтылы алды. Бұл барлық агротехнологиялық шараларды оңтайлы мерзімде және талаптарға сай жүргізуге мүмкіндік берді. Өндірістік үдерістерді цифрландырудың маңызына белек назар аударылды.

Сала алдында ер гектардың кіріс көлемін заманауи технологиялар арқылы және жоғары қосылған құны бар өнім өндіру есебінен арттыру міндеті тұр. Премьер-министр АӘК-де қолданылып

жатқан цифрлық шешімдермен, соның ішінде пилотсыз ұшу аппараттарымен, метеостансалармен және анализаторлармен танысты. Оларды пайдалану егістік жағдайын дәлірек бағалауға, агротехникалық жұмыстарды жоспарлауға және ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы өңірде егіс алқаптарын өртапаратандырудың жоғары деңгейіне қол жеткізілді: елдегі майлы дақылдардың шамамен төрттен бірі дәл Солтүстік Қазақстан облысында өсіріледі.

Сондай-ақ Премьер-министрге түйіршіктелген жоңышқа зауытын салу бастамасы да таныстырылды. Жоба жемшөп базасын дамытуға және мал шаруашылығын тағамдық құндылығы жоғары сапалы жеммен қамтамасыз етуге бағытталған. «Эталон Агро» компаниялар тобының бас директоры Мәдет Төлегенов жобаны табысты жүзеге асырудың маңызды шарты суармалы егіншілікті дамыту болып саналатынын атап өтті, ол бір маусымда екі-үшке дейін жоңышқа шабуға, шикізаттың тұрақты сапасын және өндірістік қуаттардың біркелкі жүктелуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Зауыттың жыл бойы жұмыс істеуі үшін қосымша бағыт – түйіршіктелген зығар және бидай сабағынан биоотын шығару псықыталауда.

Петропавл қаласында Премьер-министр «Eurasian Milk» ЖШС сүт өңдеу зауытында өндірістің технологиялық процесімен және шығарылатын дайын өнім түрлерімен танысты. Директор Андрей Гриценко кәсіпорын швейцариялық технологиялар негізінде жұмыс істейтінін, терең өңделген өнім өндіруге, импортты алмастыруға және экспорттық өлеуетті дамытуға бағытталғанын баяндады. Зауыт өңірдегі фермерлік шаруашылықтар жеткізілетін қазақстандық шикізатты пайдаланады. Мұнда жыл сайын 7 мың тоннадан астам қатты және жұмсақ ірімшік, 12 мың тоннадан астам сары май, шамамен 12 мың тонна қоюлатылған сүт, сондай-ақ 20 мың тоннадан астам сарысу концентраты мен қышқыл сүт өнімдері өндіріледі. 2026 жылдың соңына дейін жылдық қуаты 6 мың тоннадан асатын жаңа өнім – крем-чиз өндірісін іске қосу жоспарланып отыр. Жалпы кәсіпорында 24 түрлі өнім шығарылады. Өнімдер ішкі нарықпен қатар Ресейге, Әзербайжанға және Қырғызстанға экспортталады. Қазіргі уақытта өндіріс жобалық қуатының 50%-ы келемінде жұмыс істеп тұр. Осыған байланысты Премьер-министр Ауыл шаруашылығы министрлігіне облыс әкімдігімен бірлесіп, өңдеу, жемшөп өндірісін және агроөнеркәсіп кешенін цифрландыруды дамыту үшін фермерлерді қолдауды жалғастыруды, жаңа тауарлы сүт фермаларын уақтылы іске қосуды қамтамасыз етуді, сондай-ақ отандық өнімнің нарықтағы ілгерілеуіне жәрдемдесуді тапсырды.

ҚР Үкіметінің Баспасөз қызметі.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ



Кеңес барысында 2026 жылғы қаңтар-мамырдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы және алдағы жылыту маусымына дайындық туралы сұрақтар қаралды.

Алғашқы болып қаржы және экономика бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев баяндама жасап, аудан бойынша экономиканың негізгі салаларында 4 айда оң қарқын байқалатынын жеткізді. - Ауыл шаруашылығындағы өсім - 3,2%, өнеркәсіпте - 4,8%, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде - 7,4%, тұрғын үйді пайдалануға беруде - 0,9%, бөлшек саудада - 5,5%, көтерме саудада - 30,0%, құрылыста - 19,4%, инвестицияларда - 33,8% құрады.

Ауыл шаруашылығында оң динамика сақталуда. 2026 жылғы қаңтар-мамыр қорытындылары бойынша нақты көлем индексі 104,8% құрайды.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2026 жылдың қаңтар-мамыр айларында 2,8 млрд теңге күтілуде, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінің деңгейінен 6,4%-ға жоғары.

Өнеркәсіп құрылымындағы негізгі үлесті өңдеу секторы алады - 92,9%. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша 2,6 млрд теңге көлемінде 7,4% өсімге қол жеткізіледі.

2026 жылдың қаңтар-мамыр айларында ауданға (негізгі капиталға) 5,1 млрд теңге инвестиция тартылды. Нақты көлем индексі - 104,8% құрап отыр.

Құрылыс саласында орындалған

9 маусым күні аудан әкімі Рахат Смағұлов аудан әкімдігінің мәжіліс залында аппараттық кеңес өткізіп, оған аудан әкімінің орынбасарлары, мемлекеттік және аумақтық органдардың басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округ әкімдері қатысты.

жұмыстар көлемі 101,5% құрайды. 2026 жылдың қаңтар-мамыр айларында жалпы ауданда 1 869 шаршы метр тұрғын үй ғимараттары іске қосылады.

Бөлшек саудада 3,0 млрд теңге күтілуде, НКІ - 105,9% құрайды. Жалпы сауда көлемінде шамамен 52,4% көтерме сауда алады, ол 2026 жылғы қаңтар - мамырда 3,3 млрд теңгені, НКІ - 132,6% құрайды.

2026 жылғы қаңтар-маусымда орташа айлық жалақы облыстың есептеген деректері бойынша 357 414 теңгені құрайды, НКІ - 119%, - деді Азамат Жаңбырбайұлы.

Екінші сұрақ бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Асхат Қыраубаев мәліметтер ұсынып, жылыту маусымының басталуы ауданның жергілікті атқарушы органдарының жыл сайынғы шешімімен шамамен қыркүйектің үшінші онкүндігіне жоспарланғанын айтты.

- Ауданда барлығы 61 қазандық бар, оның ішінде 1 орталық, 7 жергілікті, 53 автономды.

Білім беру нысандары бойынша 45 мекеме: 39 мектеп, 2 балабақша және 4 қосымша білім беру ұйымы. Бүгінгі таңда «Сапронат» ЖШС сенімгерлік

басқаруында 7 білім беру нысаны бар.

Денсаулық сақтау объектілері бойынша 51 мекеме: 42 медициналық пункт, 2 ФАП, 4 ДА, аудандық аурухана, емхана, инфекциялық бөлімше. Аудандық аурухана, емхана және инфекциялық бөлімшені «Агро-Профи» ЖШС жылытады.

Мәдениет нысандары бойынша 65 мекеме: 38 кітапхана, 25 клубтық мекеме және 2 музей бар. Булаев қаласындағы АМУ және Советское ауылындағы МУ «Сапронат» ЖШС сенімгерлік басқаруында.

НПС кентінің орталық қазандығына «Булаев Су» ЖШС қызмет көрсетеді.

Кемір сатып алу бойынша 6 ілім беру объектілері бойынша кемірге қажеттілік 10 530 тонна. Жеткізуші «Костанайская тепло-распределительная компания» ЖШС-мен 10.04.2026 жылғы №156 шарт жасалды.

Денсаулық сақтау объектілері бойынша кемірге қажеттілік 680 тонна. Кемір сатып алу бойынша «ЮНА-ЛТД» ЖШС-мен шарт жасалды.

Мәдениет нысандары бойынша кемірге қажеттілік 746 тонна. «Уголь Север-Снаб» ЖШС, «ЮНА ЛТД» ЖШС, «Тонар-Көкше» ЖШС, «Норд уголь» ЖШС-мен шарттар жасалды.

Аудан аумағында 2 көмір жеткізу станциясы бар: «Юна ЛТД» ЖШС, «Қызыл-ту Көмір» ЖШС. Бүгінгі таңда көмір станцияларында 229 тонна көмір бар, «Юна ЛТД» ЖШС 350 тонна Шубаркөл (қатардағы) маркалы көмірі, 350 тонна Шубаркөл (сорттық) маркалы көмірі, «Қызыл-ту Көмір» ЖШС 300 тонна Шубаркөл маркалы көмір жеткізіледі деп күтілуде. Жалпы ауданы халқы 35 000 тонна көмір дайындауды жоспарлап отыр.

Халық үшін отын жеткізу үшін ауданда 3 орман пайдаланушы - «Базилик» ЖШС, «Грин Орда» ЖШС, «Петролеспром» ЖШС бар, сондай-ақ ағаш дайындаушылар «Булаев орман шаруашылығы» КММ-нен тікелей орман жаздырта алады. Аудан бойынша ағаш дайындаушылардың саны 20-дан асады, бір көліктің орташа бағасы 55,0 мың теңгеден басталады. Халық үшін отын қажеттілігі - 61 мың текше метрді құрайды, - деді Асхат Жаңбырбайұлы.

Екінші сұрақ бойынша қосымша білім бөлімінің басшысы Талғат Қарабаев, мәдениет бөлімі басшысының м.а. Ботагез Зайнуллина, аудандық аурухана директоры Гүлбану Сағындықова сөз сөйлеп, өздері жетекшілік ететін салалар бойынша ақпарат берді.

Кеңес соңында Рахат Назымбекұлы талқыланған барлық сұрақтар маңызды екеніне тоқталып, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді және жылыту маусымына дайындық барысын ұдайы бақылауда ұстау қажеттігін айтты.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

МЕРИТОКРАТИЯ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

Қазақстан Республикасының қазіргі мемлекеттік қызметі кәсіби, тиімді және нәтижеге бағдарланған мемлекеттік аппарат қалыптастыруға бағытталған жүйелі жаңғыру кезеңінен өтуде.

Мемлекеттік басқару сапасына қойылатын талаптардың күшеюі, кадр саясатының ашықтығы мен мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігіне деген сураныс меритократия қағидаттарының нығайтуға заңды түрде ықпал етті. Меритократия - іріктеу мен қызмет бойынша жоғарылаудың кәсіби еңбегі, құзыреттері мен жұмыс нәтижелеріне негізделетін жүйе.

Бұл тәсіл кәсіби, ашық әрі есеп беретін мемлекеттік аппаратты дамытуға бағытталған мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңнама жағдайында ерекше өзектілікке ие.

Электрондық конкурстық іріктеу, кадрлық рәсімдерді цифрландыру, құзыреттерді бағалау және кадрлық шешімдерді қабылдаудың ашықтығы азаматтардың мемлекеттік қызметке тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Меритократия қағидаты мемлекеттік қызметшілердің қызмет тиімділігін бағалау жүйесі арқылы да іске асырылады. Жұмысында жоғары нәтижелер көрсеткен мамандар жоғары лауазымдарға тағайындалу мүмкіндігіне ие болады. Кадр саясатының маңызды элементі ретінде кәсіби кадрларды сақтауға, кәсіби ұтқырлықты дамытуға және басқарушылық резерв қалыптастыруға мүмкіндік беретін ішкі конкурстар мен ауысулар қала береді.

Бұл ретте, меритократия тек кадрлық тетік қана емес, сондай-ақ қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтудың құралы болып табылады.

Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік органдарында шамамен 4 мың мемлекеттік қызметші қызмет етуде. Олардың басым бөлігінің жоғары білімі бар, көпшілігі бірнеше диплом иегерлері, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында білім алған, «Болашақ» бағдарламасының түлектері, Президенттік жастар кадр резервінің резервшілері және шетелде білім алып, тағылымдамадан өткен мамандар.

Меритократия қағидаттарының сіз жүзінде жүзеге



асырылуы өңірдің мемлекеттік қызметшілерінің мансаптық өсуі арқылы көруге болады.

Жақсы мысал ретінде - Абдрахманова Ольга Леонидовна, Петропавл қаласы әкімі аппаратының басшысы. Оның жалпы еңбек өтілі 40 жыл құрайды, соның ішінде 30 жылы мемлекеттік қызметте. Ольга Леонидовна Петропавл қаласы әкімінің аппаратындағы еңбек жолын 2009 жылы бақылау-ұйымдастыру бөлімінің бас маманы қызметінен бастаған болатын. Кәсіби қасиеттері мен ішкі конкурстардан сәтті өтуінің арқасында ұйымдастыру-инспекторлық бөлімнің басшысы болып тағайындалды, ал 2023 жылы Петропавл қаласы әкімі аппаратының басшысы қызметіне көтеріліп, Қазіргі уақытта сол қызметті атқаруда. Оның кәсіби жолы тәжірибе, құзыреттілік және еңбек нәтижелеріне негізделген дәйекті мансаптық өсудің үлгісі болып табылады.

Тағы бір мысал, Құжымов Арыстан Баяхметұлы. Ол техникалық ғылымдар және технологиялар, құқық, ауыл шаруашылығы ғылымдары салалары бойынша бакалау, мемлекеттік және жергілікті басқару саласының магистрі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлегі болып табылады. Мемлекеттік

қызметтегі еңбек жолын 2008 жылы аудандық деңгейдегі жергілікті атқарушы органның жетекші маманы қызметінен бастаған болатын. Әр жылдары бас маман, бөлім басшысы, басшының орынбасары, кейін облыстық басқарманың бірінші басшысы қызметтерін атқарды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясын басқарады. Арыстан Құжымовтың кәсіби шеберлігі мемлекеттік қызметтегі мансаптық өсудің негізі екенін білдіреді.

Өңірімізде меритократия қағидатын табысты іске асырудың мысалдарының қатарында Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасындағы қалыптасқан тәжірибені атап өтуге болады. Осы мемлекеттік органның басшылық құрамы - басшы орынбасарлары (Никитин М.М., Ташимов Е.Б.) және құрылымдық бөлімшелердің басшылары (Есімов К.Д., Лабанчук В.А., Тайғолов Б.Т.) - өз еңбек жолдарын осы басқармада төменгі лауазымдардан бастаған. Мемлекеттік органның басқарушы құрамының мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілі 9 жылдан 22 жылға дейінгі аралықты қамтиды, білім деңгейі бакалавриаттан магистратураға дейін жетеді, сонымен қатар қызметкерлер кәсіби қызметі барысында үздіксіз білім алып, біліктіліктерін арттыруда.

Мұндай мысалдар тынымсыз еңбек, тұрақты кәсіби даму және әбекті мойындауды көрсетеді және талантты өріз өсіне адал мемлекеттік қызметшілердің әлеуетін қалыптастырудың жақсы үлгісі.

Бүгінде меритократия мықты мемлекеттік аппарат қалыптастырудың маңызды шартына айналуда. Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң кәсіби, ашық және тиімді жүйені дамытуға құқықтық негіз қалыптастырады, мұнда мансаптық өсудің басты өлшемі - білім, құзыреттілік және еңбек нәтижелері болып табылады.

Гүлнар СҮЙІНДІКОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
СҚО бойынша департаменті мемлекеттік қызмет
басқармасының бас маманы.

ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНА - 1 ЖЫЛ

«БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ – ҚИЫН СӘТТЕ ЖАНЫҢНАН ТАБЫЛУ»

Биыл Мағжан Жұмбаев ауданының отбасын қолдау орталығының ашылғанына бір жыл толды. Осы уақыт ішінде мекеме қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға кешенді көмек көрсете отырып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесіндегі маңызды буына айналды. Орталықтың жұмысы, қол жеткізілген нәтижелері мен жоспарлары туралы Мағжан Жұмбаев ауданының отбасын қолдау орталығының директоры Шынарай Нұрмұхамбетқызы Жанғабуловамен әңгімелескен едік.

- Шынарай Нұрмұхамбетқызы, отбасын қолдау орталығы қандай мақсатта құрылғанын айтып беріңізші?

- Отбасын қолдау орталығы қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға уақтылы және жан-жақты көмек көрсету үшін құрылған. Өкінішке орай, нақты өмірде әртүрлі жағдайлар туындайды - материалдық қиындықтар, қақтығыстар, бала тәрбиесі мәселелері, психологиялық дағдарыстар. Мұны әр отбасы өздігінен жеңе алмайды.

Біздің басты мақсатымыз - қазірдің өзінде қалыптасқан проблемаға жауап беру ғана емес, алдын-ала жұмыс істеу: қиындықтарды ерте анықтау, оларды шешуге көмектесу және одан да ауыр зардаптардың алдын алу.

- Мундай орталықтың аудан үшін маңыздылығын қалай бағалайсыз?

- Маңыздылығы өте жоғары. Себебі, Орталық отбасылар үшін «тірек нүктесіне» айналды. Мұнда адам бір жерден психологиялық, әлеуметтік, кеңес беру сияқты көмекті бірнеше түрін ала алады. Бұрын адамдар әртүрлі ұйымдарға хабарласып, өз бетінше ақпарат іздеуге мәжбүр болатын.

Енді біз жүйені отбасы өз проблемаларымен жалғыз қалмайтындай етіп құруға тырысамыз. Бұл өсіресе дағдарыстық жағдайларда, адамға тек кеңес ғана емес, сонымен қатар қолдау қажет болған кезде өте маңызды.

- Аудан тұрғындары қандай сұрақтармен жеке мәселелермен жиі жүгінеді?

- Өтіншітер әртүрлі, бірақ бірнеше негізгі бағыттарды атап өтуге болады. Көбінесе бұл ерлі-зайыптылар арасындағы отбасылық қақтығыстар, балалар

мен жасөспірімдерді тәрбиелеудегі қиындықтар, ата-аналардың эмоционалды күйін қалуы.

Сондай-ақ, көптеген өтініштер материалдық қиындықтармен, әлеуметтік төлемдерді рәсімдеумен, тұрғын үй мәселелерімен байланысты. Жеке бағытқа психологиялық проблемаларды, соның ішінде мазасыздық, стресс, отбасындағы түсіністіктің жоғалуын жақтырау болады.

Маңыздысы, адамдар ашық бола бастады және проблемаларды «кейінге қалдырмай» уақытында көмекке жиі жүгінеді.

- Орталыққа жүгінетін отбасылармен жұмыс қалай ұйымдастырылаған?

- Жұмыс жеке көзқарас қағидаты бойынша құрылады. Әр жағдай бөлек қарастырылады. Алдымен алғашқы кеңес беріледі, содан кейін қандай көмек қажет екендігі анықталады.

Қажет болса, психолог, әлеуметтік қызметкер, кейде басқа мекемелердің мамандары қосылады. Біз мектептермен, медициналық ұйымдармен, қамқоршылық органдармен және басқа құрылымдармен өзара әрекеттесеміз.

Ең бастысы - кеңес беру ғана емес, жағдайды тұрақтандыруға дейін отбасымен бірге жүру.

- Орталық бір жыл ішінде қандай нәтижелерге қол жеткізді?

- Бір жыл ішінде Орталық танымал және суранысқа ие болды деп айтуға болады. Біз көптеген кеңестер беру, отбасыларға бару, алдын алу шараларын өткіздік.

Ең маңызды жетістік — адамдардың өміріндегі нақты өзгерістер. Көптеген отбасылар дағдарыстан шығып, қарым-қатынас орнатып, үйдегі психологиялық климатты жақсартуға алды. Сондай-ақ, біз ерте өтініштердің саны арқанын атап

өтеміз. Адамдар жағдай қиын болған кезде емес, көмекті уақтылы іздеуге болатынын және қажет екенін түсіне бастады.

- Ауданда профилактикалық жұмыстар жүргізілуде ме?

- Иә, профилактикалық жұмыс біздің қызметіміздің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Біз мектептерде ата-аналармен кездесулер, отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған тақырыптық дәрістер, тренингтер, акциялар өткіземіз.

Жасөспірімдерге ерекше назар аударылады, өйткені дәл осы жаста отбасында дұрыс өмірлік бағдарлар мен сенімді қарым-қатынастарды қалыптастыру маңызды.

- Жұмыста қандай қиындықтарға тап боласыздар?

- Негізгі қиындық - әрбір жағдай адамның тағдыры мен эмоциясымен байланысты. Кейде адамдарға көмек қабылдау, өз мәселесін ашу, проблемалары туралы айту қиына соғады.

Отбасы ішіндегі сенімді қалпына келтіру үшін ұзақ жұмыс қажет болатын кездер де болады. Бірақ біз бұл біршама уақыт алатын процесс екенін түсінеміз және шыдамдылықпен, құрметпен және кәсіби түрде жұмыс істеуге тырысамыз.

- Орталықтың осы жылдағы басты жетістігі қандай деп ойлайсыз?

- Басты жетістік - адамдардың сенімі. Егер отбасы бізге келіп жүгінсе, ол көмек пен қолдау ала алатынына сенеді. Орталықтың түрлі қызметтердің өзара іс-қимылы алаңына айналғаны да маңызды. Бірлескен жұмыстың арқасында неғұрлым күрделі және кешенді мәселелерді шешуге болатынын көріп отырмыз.



- Орталықтың болашаққа қандай жоспарлары бар?

- Жоспарда - профилактикалық жұмысты одан әрі дамыту, қолдау нысандарын кеңейту, білім беру мекемелерімен және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды күшейту.

Біз сондай-ақ психологиялық көмекке және қауіпті аймақтағы отбасыларды ерте анықтауға көбірек көңіл бөліміз келеді.

- Аудан тұрғындарына қандай тілектеріңіз бар?

- Барлық отбасыларға бейбітшілік, өзара түсіністік пен шыдамдылық тілеймін. Көмек сұраудан қорқудың қажеті жоқ - бұл әлсіздік емес, мәселені шешуге бағытталған қадам. Біз әрқашан қолдауға және көмектесуге дайынбыз.

Қорытындылайтын болсақ, Мағжан Жұмбаев ауданының отбасын қолдау орталығы осы бір жыл ішінде ауданның әлеуметтік жүйесінің маңызды бөлігіне айналды. Әрбір консультацияның артында адамдар тарихы жатыр және орталықтың басты миссиясы — бұл оқиғаларға тұрақтылық пен әл-ауқат алуға көмектесу. **- Келелі сұхбатыңыз үшін алыс біндіреміз.**

EGOV BUSINESS ҚОСЫМШАСЫНДА ЖК-НЫ ЖАБУ БОЙЫНША ОНЛАЙН-ҚЫЗМЕТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қызмет eGov Business қосымшасында авторизациядан өткен жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын тұлғаларға қолжетімді. Жаңа сервис өтініш беру процесін толық цифрлық форматқа ауыстырып, өтінішті тапсыру кезеңінде мемлекеттік кірістер органдарына жеке жүгіну қажеттілігін жоюды. Пайдаланушылар барлық негізгі қадамдарды қосымша арқылы өтіп, өтініштің қаралу мәртебесін нақты уақыт режимінде бақылай алады.

Қызметті алу үшін eGov Business мобильді қосымшасында авторизациядан өтіп:

- «Бизнесті тіркеу және тоқтату» қызметтер санатын таңдап, «Жеке кәсіпкерлік қызметін тоқтату» қызметіне өту қажет;

- салық өтінішінің санатын таңдау қажет;

D - «Камералдық бақылау жүргізіле отырып қызметін тоқтатытын жеке кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын тұлға» немесе E - «Камералдық бақылау жүргізілмей

eGov Business мобильді қосымшасында «Жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату» жаңа мемлекеттік қызметі қолжетімді болды. Сервис кәсіпкерлерге ЖК жабу рәсімін өтінші беру кезеңінде мемлекеттік органдарға бармай-ақ, толық онлайн форматта тапсыруға мүмкіндік береді.

оқпалатылған тәртіппен қызметін тоқтатытын жеке кәсіпкер»;

- талаптар тізімімен танысу қажет;

- келесі кезеңде мемлекеттік кірістер органының кодын тізімнен таңдау қажет;

- деректерді жинауға және ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына келісімді растау қажет;

- салық органын (МКО) таңдау қажет;

- өтінімге код, Face ID немесе Touch ID арқылы қол қою қажет.

Қызмет нәтижесі және мемлекеттік органның жауабы қызметке қайта кірген кезде қолжетімді болады. Рәсім сәтті аяқталған жағдайда жүйеде мемлекеттік кірістер органдарының дерекқорында ЖК қызметінің ресми түрде тоқтатылғанын растайтын «Өңделді» мәртебесі көрсетіледі.

«Бүгінде eGov Business мобильді қосымшасында шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік қызметтердің толық спектріне қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Осы таңда бизнестің негізгі өмірлік циклі - тіркеуден бастап дамыту, қайта ұйымдастыру және жабуға дейінгі кезеңдер цифрлық форматқа көшірілді. Біз бизнеске арналған цифрлық сервистердің мүмкіндіктерін кеңейтуді жалғастырып, мемлекеттік қызметтерді барынша ыңғайлы әрі қолжетімді етудеміз», - деп атап өтті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Дәулет Бекманов. Естеріңізге сала кетейік, eGov.kz

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ



электрондық үкімет порталында кәсіпкерлік қызметті тоқтатуға байланысты өзге де цифрлық сервистер жүзеге асырылған. Атап айтқанда, «Занды тұлғаларды тарату» қызметі пайдаланушыларға 2017 жылдан бастап қолжетімді. Осы кезең ішінде қызмет 35 000-нан астам рет пайдаланылған.

Қызмет Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік қызметін тоқтату комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

1 МАУСЫМНАН БАСТАП ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ АРНАЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ПАСПОРТТАР МЕН КАДАСТРЛЫҚ ПАСПОРТТАРДЫҢ ТЕЛНҰСҚАЛАРЫ ТЕК ОНЛАЙН РӘСІМДЕЛЕДІ



Бұған дейін төлем жасау және нәтижені алу үшін ХҚКО-ға бару қажет болатын. Енді процесс толықтай онлайн форматқа көшірілді: төлем өтінім беру барысында жүзеге асырылады, ал дайын техникалық паспорт немесе кадастрлық паспорттың телнұсқасы eGov.kz порталындағы пайдаланушының Жеке кабинетіндегі «Қызметтерді алу тарихы» бөліміне автоматты түрде жүктеледі. Қызмет көрсету мерзімі жылжымайтын мүлік объектісінің түріне байланысты.

Қызметтерді пайдалану үшін пайдаланушыға:

- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Басты бет» - «Жылжымайтын мүлік»

- «Сатып алу, сату, жалға алу» немесе «Тұрғын үй қатынастары» бөліміне өту;

- «Жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорт беру» немесе

eGov.kz порталында жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорт беру және кадастрлық паспорттың телнұсқасын беру мемлекеттік қызметтері жарияланды. Енді пайдаланушылар өтінім беру кезінде бірден төлем жасап, нәтижені электрондық форматта ала алады.

«Кадастрлық паспорттың телнұсқасын беру» қызметін таңдау;

- өтінім түрін және жылжымайтын мүлік түрін көрсету, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалын таңдау;

- қажетті деректерді толықтыру, төлем жасау және суранымаға қолжетімді қол қою тәсілдерінің бірімен қол қою қажет.

Цифрлық мемлекеттік қызметтердің танымалдығының артуы статистикамен де расталады. Егер 2021 жылы eGov.kz порталы арқылы жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорт пен кадастрлық паспорттың телнұсқасын алуға 100 мың өтінім берілсе, бұл барлық өтініштердің 22,8%-ын құраса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 41%-ға жетті. Онлайн өтінімдер үлесінің артуы мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта алуға сураныстың жоғары екенін және азаматтардың күнделікті мәселелерді шешуде цифрлық сервистерді пайдалануға дайын екенін көрсетеді.

«Мемлекеттік қызметтерді одан әрі цифрландыру аясында 2026 жылғы 1 маусымнан бастап жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорт беру және кадастрлық паспорттың телнұсқасын беру бойынша өтінімдерді ХҚКО операторлары арқылы қабылдау тоқтатылады. Қызметтер тек eGov.kz порталы және eGov mobile мобильді қосымшасы арқылы онлайн форматта көрсетіледі. Енді пайдаланушыларға төлем жасау үшін белек жүгінудің және техникалық паспортты алу үшін ХҚКО-ға барудың қажеті жоқ - барлық процесс электрондық форматқа қолжетімді, ал дайын құжат eGov.kz порталындағы Жеке кабинетте қолжетімді болады», - деп атап өтті ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коңашкин. Сонымен қатар, «Жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорт беру» мемлекеттік қызметін eGov mobile мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Мемлекеттік қызметтерді кезең-кезеңімен онлайн форматқа көшіру қажетті қадамдардың санын қысқартуға, ХҚКО-ларға түсетін жүктемені азайтуға және қызметтерді алу процесін азаматтар үшін

ыңғайлырақ, жылдамрақ әрі қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, егер азаматта қызметті онлайн алу үшін қажетті жағдайлар болмаса, ол ХҚКО-дағы өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарын пайдаланмай, мемлекеттік қызметті дербес рәсімдеуі алады.

Бүгінгі таңда ЭЦҚ беру, тұрғылықты жері бойынша тіркеу, жүргізуші күәлігін ауыстыру, ресми дилерлерден автокөліктерді бастапқы тіркеу, жүргізуші күәлігін алу үшін өтінім беру (қайта рәсімдеу), еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттарды беру және узарту, сондай-ақ өзі өңірлерінде пилоттық режимде жер учаскелеріне құжаттарды рәсімдеу қызметтері автоматтандырылып, онлайн форматта қолжетімді.

Жаңартулар ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Мемлекеттік қызметтерді тоқтату комитетінің, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның бірлескен жұмысының нәтижесінде жүзеге асырылды.

Анар МАҒЗҰМОВА,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ АЙШЫҚТЫ БЕЛГІЛЕРІ



4 маусым күні Бұлаев қаласында орналасқан орталық алаңда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні аталып өтті.

Мемлекеттік рәміздер стелласында өткен салтанатты іс-шараға аудан тұрғындары, мекеме және ұйым өкілдері, сондай-ақ жастар қатысты. Іс-шара аясында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеру

рәсімі өтіп, Мемлекеттік Әнұран орындалды. Алдымен жиналғандарды аудан әкімі Рахат Смағұлов мерекемен құттықтап, мемлекеттік рәміздердің тәуелсіздік, бірлік және отансүйгіштіктің негізі ретіндегі

маңызын атап өтті. - Күрметті аудан тұрғындары, ардақты жерлестер, қонақтар! Сіздерді еліміздің ең маңызды мерекелерінің бірі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнімен

құттықтаймын! Бүгінгі таңда Қазақстан — қуатты, егемен және бүкіл әлем мойындаған беделді мемлекет. Аспан түстес көк Туымыздың астында еліміз орасан зор табыстарға қол жеткізді. Біз прогрессивті экономика құрдық, шекарамызды шегендедік және халықаралық аренада беделді дипломатиялық орталық мәртебесіне ие болдық. Қазақстанды барша әлем бейбітшілік пен ұлтаралық татулықтың тірегі ретінде біледі.

Біздің спортшыларымыз, ғалымдарымыз, мәдениет қайраткер-леріміз бен жас дарындарымыз ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеген сәтте, Әнұранымыз әлемнің ең ірі алаңдарында асқақтай шырқалуда. Ауқымды реформаларды жүзеге асыра отырып, біз басты байлығы мен прогресс қозғалтқышы адам болып табылатын Әділетті Қазақстанды қадам бойынша бірге құрып жатырмыз. Біз, мағжандықтар үшін бұл мереке терең, қасиетті мағынаға ие. Біздің өлкеміз қазақ халқының біртуар ұлы Мағжан Жұмабаевты тәрбиелеп өсірді. Қиын сынақтар дәуірінде бостандықты, Тәуелсіздікті жырлаған және өз Отанының жарқын болашағына сенген адам. Оның мәңгі «Мен жастарға сенемін!» өлмес жолдары - бүгінде біздің егемен мемлекетіміздің басты манифесі саналады.

Осы мереке күні әр үйге, әр отбасына зор денсаулық, бейбітшілік, амаңдық және ертеңгі күнге деген сенімділік тілеймін. Біздің егемен Қазақстанымыз әркеңдей берсін!

Көк туымыз тұғырынан түспесін, Әнұранымыз асқақтай берсін, - деді Рахат Назымбекұлы.

Аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары алаңға жиналған қонақтарға мерекелік концерттік бағдарлама ұсынып, патриоттық өндер орындады. Ал жас өнерпаздар би билеп, көк түсті шарларды аспанға ұшырды.

Елдігіміздің айғағы саналатын Мемлекеттік нышандарды қастерлеу - әрбір қазақстандықтың, болашақ ұрпақтың қасиетті парызы.

Патриоттық нақышта өткен мейрам әрбір мағжандықтың жүрегінде мақтанш ұялатып, Отанға деген сүйіспеншілікті арттырғаны сөзсіз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

14 МАУСЫМ - МАЛШЫЛАР КҮНІ

МАЛШЫЛАР – ЕЛ БІРІСЫН ЕСЕЛЕГЕН ЕҢБЕК АДАМДАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында еліміздегі шағын және орта кәсіпті дамытуға барынша қолдау көрсетіп отыр. Сол қолдауды терең сезініп, ауданда көптеген шаруалар мал шаруашылығы саласында өз кәсіптерін дөңселетіп отыр.

Мәселен, аудандық статистикасы басқармасының мәліметінше, аудан бойынша мал мен құс саны: ірі қара мал - 25,5 мың бас, ұсақ мал (қой, ешкі) - 24,4 мың бас, жылқы - 10,5 мың бас, шошқа - 3,3 мың бас, құс - 72,9 мыңды құрады.

Ауданда «Қызылжар МТС Агро» ЖШС, «Ноғайбай» ЖШС, «НұрСен Агро» ЖШС, «Полудинское» ЖШС, «Үлгілі» ЖШС, «Береке SKO» ЖШС және тағы да басқа сүт-тауарлы фермалар жұмыс істейді.

Етті мал шаруашылығымен келесі шаруашылықтар айналысады: «Алтын астық 2050» ЖШС, «Александровское» ЖШС, «BULAEVO ZHER» ЖШС, «НұрСен Агро» ЖШС, «Таманское» ЖШС, «Чистовский» ЖШС, «Возвышенское» ШПК және тағы да басқалары. Қазіргі уақытта «СК Агро 2050» ЖШС базасында сүт-тауар фермасының құрылысы жүргізілуде, «BULAEVO ZHER» ЖШС шаруашылығында СТФ құрылысы басталды.

Бүгінгі таңда жұмыс істеп тұрған сүт-тауар фермаларын 1000 сауын сиырға дейін кеңейту бойынша «Қызылжар МТС Агро» ЖШС, «НұрСен Агро» ЖШС, «Полудинское» ЖШС айналысады.

Ағымдағы жылы аудан шаруашылық-

Қазақстанда маусым айының екінші жексенбісінде Малшылар күні аталып өтіледі. Бұл кәсіби мереке 2021 жылғы Үкімет қаулысымен бекітіліп, ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген иешандар мен бақташылардың мәртебесін көтеруге бағытталған.



тарымен Еуропа мен ТМД елдерінен 396 ірі қара мал басы әкелінді.

Қой шаруашылығын дамыту үшін «Альжан Жуан» ЖШС-де 530 бас Еділбай тұқымын әкелуді жоспарланып отыр.

Мал шаруашылығын дамыту бойынша Мемлекет «Береке», «Ігілік» бағдарламалары бойынша жылдық 6% жеңілдікпен несиелеуге, сондай-ақ асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялауға, бағыттар бойынша мал шаруашылығы өнімінің

өнімділігі мен сапасын арттыруға көп көңіл бөледі.

Осы ретте Мемлекет басшысы «Еңбек адамы» деп әр саланың тұтқасын мығым ұстаған мамандарды насихаттауды жөн көріп отыр. Осы істі жандандыра отырып, малшы болу да үлкен байлықтың ортасында жүргенінді дәлелдейтін дүние екенін қоғамның санасына сіңіру қажет. Ақша малда, кімнің малы көп соның дәулеті тасып тұрады деген сөз. Бұл түсінікті әр азаматтың көкірегіне мықтап қондыру қажет. Мал бағып

жүріп-ақ астына елде жоқ көлік мініп, үй салған азаматтар бар.

Бүгінгі күні әр салада еңбек етсе де қорада мал бордаққылап, жылқы баптап тұратын азаматтар бар. Сол себепті мал бағу да мәртебе. Қазір адамдар қорадағы малына қарап баға беретін уақыт келгенін жасырын емес. Жалпы жұмыстың жаманы жоқ. Жаксы өмір сүргің келсе, ерінбей еңбек етуің шарт.

Қазақ әуелде «Мал-жан аман ба?» деп амандасқан, «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп өмір қағидаттарын малмен тұздықтап отырған. Сондықтан мал бағудан қашпай, жылқы үстінде, таза ауада, тұмса табиғатта жүріп, өмірдің рахатын сезінгенге не жетсін?!

Малшылар күні мерекесі - жыл он екі ай мал соңында жүріп, тіршіліктің негізгі тамырын ұстап отырған еңбеккерлерге арналған ерекше күн. Еңбек адамына деген шынайы алғыс пен құрметтің көрінісі.

Бүгінде аудан бойынша ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген ондаған малшы бар. Олар - елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуші, ауылдың әл-ауқатын арттырушы азаматтар. Олардың еңбегі - ұлттық болмысымыздың, елдігіміздің негізі.

Осы орайда барша малшыларды Малшылар күні мерекесімен құттықтап, төрден орын алған төрт түлікпен бірге, төрге озған еңбек адамын ұлықтай білейік!

Әлібай ҚУСАЙЫНОВ,
ауыл шаруашылығы және
ветеринария бөлімінің
басшысы.

ТИНЕЙ ҚАЖЫ ҚАРАУЫЛШАУЛЫ – ТУҒАН ӨЛКЕ ТАРИХЫНДАҒЫ РУХАНИ ТҰЛҒА

Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихында ел жадында сақталған, халық құрметіне бөленген тұлғалар аз емес. Солардың бірі – Тіней Қарауылшаулы, халық арасында Тіней қажы атымен белгілі тарихи тұлға. Оның өмір жолы қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтарымен, ислам мәдениетімен және туған өлкенің тарихымен тығыз байланысты.


Тіней Қарауылшаулы 1842 жылы дүниеге келген. Ол өмір сүрген кезең қазақ даласындағы қоғамдық өзгерістерге, дәстүрлі өмір салты мен исламдық дүниетанымын қатар дамуына туспа-түс келді. Замандастарының естеліктері мен ұрпақтарының айтуына, Тіней ел ішінде сыйлы, парасатты және діндар адам болған.

Оның өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі – қасиетті Мекке мен Мәдина қалаларына жасаған қажылық сапары. XX ғасырдың басында қажылыққа бару оңай іс болмаған. Қазақ даласынан шыққан мұсылмандар мыңдаған шақырым жолды атпен, арбамен, теміржол және теңіз көліктерімен жүріп өтіп, бірнеше айға созылған ауыр сапарға аттанған. Сондықтан қажылық парызын өтеп оралған адамдар халық арасында ерекше құрметке ие болған.

Тіней Қарауылшаулының қажылық сапарына қатысты нақты деректер архив құжаттарында сақталған. 1906 жылғы 27 маусымда берілген ресми құжатта Полуден болысының қажыларына шетелге шығуға арналған төлқұжаттардың талсырылғаны көрсетіледі. Құжат мәтінінде: «Полуденской волости Тинею Караульчину...» деп жазылып, оған №5845 паломниктік төлқұжат берілгені көрсетілген. Бұл құжат Тіней қажының қасиетті сапарға қатысқанын дәлелдейтін маңызды тарихи дерек болып табылады.

Тіней қажы туралы мәліметтер «Қазақстан қажылары» жинағының I томында да кездеседі. Онда: «Тіней Қараулин, 63 жаста, Петропавл уезі, Полуден болысы» деп көрсетілген. Егер оның туған жылы 1842 жыл деп есептесек, бұл дерек 1905–1906 жылдардағы қажылық сапарымен толық сәйкес келеді.

Тіней қажымен бірге өңірден бірнеше белгілі азаматтар да қажылыққа барған. Олардың қатарында Бейсен Аралбайұлы, Ідріс Айдарбекулы, Биназар Битуғанұлы және Мәті (Дәулетхан) Қонайұлы болған.



Бұл жөнінде халық арасында сақталған тарихи деректер мен ауызша шежірелер мәлімет береді.

Қажылықтан оралған осы азаматтар туралы атақты ақын, өңші Ақан сері Қорамсаұлы 1908 жылы мынадай өлең жолдарын жазған:

«Бинаш қажы туыпты сәтімнен,
Қызылжарда кез болдық, Бейсен,
Тіней, Ідріс, Биназар, Мәтімнен.

Сәлем бердік пайғамбардың атыменен,
Таныстық хақтың жолы тәңірдің
хатыменен».

Бұл өлең жолдары Тіней қажының өз заманында елге танымал, қадірлі тұлғалардың бірі болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстан өңіріндегі қазақтардың ислам өлемімен рухани байланысының берік болғанын аңғартады.

Тіней қажы өмір сүрген кезең Ресей империясының соңғы жылдары мен кеңестік биліктің алғашқы кезеңін қамтиды. Қоғамдық-саяси өзгерістерге қарамастан, ол дәстүрлі рухани құндылықтарды сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізген аға буын өкілдерінің қатарында болды.

Тіней қажы Қарауылшаулы 1924 жылы дүниеден өтті. Ол қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты Майбалық ауылы маңындағы Сартай-Құлат қорымына жерленген. Бүгінде оның есімі ұрпақ жадында имандылықтың, парасаттылықтың және ата дәстүріне адалдықтың символы ретінде сақталып келеді.

Тіней қажының өмір жолы – туған өлкенің тарихындағы маңызды беттердің бірі. Оның қажылық сапары, халық арасындағы беделі және архивтік құжаттарда сақталған деректері Солтүстік Қазақстан өңірінің рухани тарихын зерттеуде өңір маңызға ие. Осындай тұлғалардың өмірін зерделеу тарихи жадымызды жаңғыртып, өткен мен бүгіннің арасындағы сабақтастықты нығайтуға қызмет етеді.

Қасиетті жұма 5 маусым күні аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры Серік Жұмағұлов, «Мағжан жұлдызы» газетінің шеф-редакторы Еркебұлан Елубаев, Асан, Жұмабай және Құрманбай ұрпақтары Мұрат Ыбыраев, Ерсайын Әбуов, Біржан мен Нұрлан Жұмабаев және бұрын Восточный ауылында тұрған Жеңіс Қарбаев қазіргі Сейфолла ауылының маңындағы ескі қорымға барып қайттық. Менің нағашы жағымнан ұлы атам Тіней қажы Қарауылшаулы осы зиратта жатқанын анықтадық. Енді болашақта қорымның айналасын қазып, ортасына тас орнату жоспарымыз бар.

Осы күні аталарымыздың аруақтарына арнап Құран аяттарын бағыштап, дұға тіледік. Осы сапарда егін алқаптарының ортасында орналасқан ескі қорымға жол көрсеткен Таман ауылдық округінің өкімі Александр Поляковқа алғыс айтамыз.

Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ,
тарихшы-өлкетанушы,
жас ғалым.

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

«АР АЗАБЫ: ҚҰРБАНДАР МЕН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРДІ ТОЛЫҚ АҚТАУ – ҚОҒАМ СҰРАНЫСЫ»

29 мамыр күні Астана қаласында «Ар азабы: құрбандар мен зардап шеккендерді толық ақтау – қоғам сұранысы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шара Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналды. Кездесу саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтарын, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның сарапшыларын және жетекші жоғары оқу орындарының ғалымдарын бір алаға тоғыстырды. Қатысушылар қатарында мәжбүрлі босқындардың балалары мен немерелері, сталиндік-бериялық еңбекпен түзеу лагерлерінде, АЛЖИР-де және басқа да лагерлерде жазасын өтегендердің ұрпақтары болды.

Іс-шараның ашылуында Астана қаласының ғасыр жасаған тұрғыны, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен Көкен Рақымқызы Омарова қатысушыларға бата берді. Ол тәркілеу науқанының күегері. Бала кезінде отбасымен туған жерінен кетуге мәжбүр болып, ұзақ жылдар Түмен облысында тұрған. Алайда жұбайымен бірге балаларына Отанға деген сүйіспеншілікті сіңіре білді. Он үш баласының он бірі аман қалып, мүмкіндік туған кезде елге оралып, Қазақстанда білім алып, еңбек етті. Кездесуге Көкен өжінші балалары – Абай Омаров пен медицина ғылымдарының кандидаты Ләззат Рамазанова қатысты.

Бұрынғы Булаев ауданының, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданының тумасы Қайрат Елубаев өз архивінен табылған деректермен бөлісті. Оның туған атасы – молда болған. Қуғын-сүргін жылдары ол басқа да жазықсыз жандармен бірге атылған. Алайда олардың жерленген

жері бүгінге дейін белгісіз күйінде қалып отыр

Жиында Алаш қайраткері, драматург, публицист әрі аудармашы Қошқе Кемеңгерұлының ұрпақтары – немересі Ризабек Нарманбетұлы және шөбересі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті Қайырбек Кемеңгер естеліктерімен бөлісті.

Дөңгелек үстел барысында тарихи жадыны сақтау, саяси қуғын-сүргін құрбандарын одан әрі ақтау және олардың ұрпақтарының тағдырларын зерттеу мәселелері талқыланды. Мемлекет және қоғам қайраткері Ирак Елекеевтің, мәдениеттанушы Серік Ерғалидың, зерттеуші Мақсат Серғалиевтің, заңгер Исидор Борчавиливтің, еңбек ардагері Болат Темірбаевтың және басқа да қатысушылардың сөздері көпшіліктің назарын аударды.

Жобалық кеңсеңнің жетекшісі Сабыр Қасымов қуғын-сүргінге ұшырағандардың ұрпақтарының естеліктері жинақтау және диффрандыру бағытында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар туралы баяндады.

«Уақыт алға жылжып барады, өкінішке қарай, сол кезеңнің күегерлері жылдан-жылға азайып келеді. Бүгін біз өкініш, тіпті үшінші буын ұрпақтарын жинадық. Олар әлі де тасада қалып келеді, бірақ дәл осы адамдар ақтау мәселесіне ең көп мүдделі әрі оған ерекше жауапкершілікпен қарайды», – деп атап өтті модератор.

Қатысушылар 2020 жылы құрылған



Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмысына жоғары баға берді. Осы уақыт аралығында ауқымды архивтік зерттеулер жүргізіліп, көптомдық құжаттар мен материалдар жинақтары жарық көрді, сондай-ақ қуғын-сүргінге ұшыраған туыстары туралы мәлімет іздеушілерге арналған e-memory.kz ақпараттық ресурсы іске қосылды.

Кездесу барысында мазмұнды пікір алмасу өтіп, саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін ұлықтау және жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу

бағытында бірқатар ұсыныстар енгізілді. Жалпы алғанда, өңірлерде және жетекші жоғары оқу орындары ғалымдарының бастамасымен жарық көрген еңбектерді қоса есептегенде, құжаттар мен материалдардың жүз томы басылып шықты.

Іс-шара аясында саяси қуғын-сүргін құрбаны болған Алаш қайраткерлерінің портреттер көрмесінің таптырылымы өтті. Көрме Мағжан Жұмабаевтың, Қошқе Кемеңгеровтің, Жүсіпбек Аймауытовтың және Хайретдин Болғанбаевтың жаңа бейнелерімен толықтырылды.

САМАН КЕҢЕСІ



АСТАН УЛАНУДАН АБАЙ БОЛЫҢИЗДАР!

Жаз айлары - пикниктер, жаңа піскен Жемістер және астерокоинфекцияның (одан әрі - АММ) пайызы өршітін кезеңі. АММ - бұл бактериялар мен олардың токсиндері көбітегі тағамдарды тұтынудан туындаған өткір ішек инфекциялары. Сипаттамалар кезетпен пайда болады: қатты сұйық, диарея, іштің қатты ауырғы және Жоғары температура. Жазғы демалыстың орнына аурухана төсегіне жатпау үшін қарапайым алдын алу шараларын сақтау маңызды.

АТИ басты себептері:
Бактериялардың көбіне «тығылатын» жерлері:
• майонез немесе қаймақ қосылған көп ингредиентті салаттар;
• кілегей қосылған кондитерлік өнімдер;
• тартылған ет өнімдері (котлеттер, пасталар, руладалар);
• желе еті, бауыр шұжығы.
Тамақтан уланудың құрбаны болмау үшін мыналарды орындау қажет:
- Әрқашан және барлық жерде қолыңызды жуыңыз (өсіресе тамақ ішер алдында). Бұл мүмкін болмаса, дымқыл майлықтарды алып жүруді ұмытпаңыз.
- Жеуге жарамды болып көрінсе де, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен тағамды

жеуден аулақ болыңыз.
- Көшедегі тағамдарды жеуден аулақ болыңыз. Және, әдетте, жол бойындағы ертүрлі асханалардан аулақ болыңыз.
- Сүт өнімдері мен шұжықтарды герметикалық жабылған, таңбаланған пакеттерде сатып алыңыз.
- Дүкендерден дайын салаттарды сатып алудан аулақ болыңыз. Сенімсіз кафе-лер мен наубайханалардағы торттар мен кондитерлік өнімдерді жеуден аулақ болыңыз, өсіресе, мұндай өнімдерді рұқсат етілмеген сатушылардан сатып алмаңыз.
- Тамақты дұрыс температурада сақтаңыз.
- Жемістер мен көкөністерді тамақтанар алдында мұқият жуыңыз.
Сондай-ақ, нарықтағы ең жаңа дайын-

далған сүт, сүзбе немесе қаймақ та тұтыну алдында мұқият пісірілуі керек ықтимал қауіпті өнімдер екенін есте ұстаған жөн.
Ал үй жағдайында барлық ережелерге сай дайындалған шұжықтар, котлеттер, бутербродтар ыстық ауа райында жағажайда немесе пикниктерде портативті салқындатқышты күтпесен, тез арада бактериялардың көбеюіне және токсиндердің белінетін орнына айналуы мүмкін.
Санитарлық-гигиеналық жағдайы нашар аймақтарға барған кезде тек жаңа дайындалған ыстық тамақты жеп, қайнатылған немесе зарарсыздандырылған суды немесе ыдысқа құйылған суды ішкен жөн.
Алғашқы белгілер пайда болған кезде (жүрек айнуы, құсу) мынаны жасаңыздар:

- Асқазанды шайыңыз (1-1,5 литр су ішіп, құсу керек).
 - Энтеросорбенттер қабылдаңыз.
 - Сусызданумен күресу үшін сұйықтықтың көп мөлшерін қамтамасыз етіңіз. Жағдайы жақсармаса, жоғары қызба пайда болса немесе бала жарақат алса, дереу дәрігерге хабарласыңыз!
 - Ауруды емдегеннен гөрі, оны алдын алу елдеқайда оңайырақ.
 - Сол себепті бұрын аудан тұрғындарын өзіңіздің және жақындарыңыздың өмірін сақтаңыздар демекші!
- Күлсара ӘЛЖАНОВА,**
Мағжан Жұмабаев ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

Гельминттез - бұл балалық шақта жиі кездесетін аурулар тобы. Тіпті тұрақты гигиенаны сақтағаның өзінде бала жұқтыруы мүмкін, өйткені олардың барлық қозғалысын атырған мүмкін емес. Паразиттің инфекцияларды ерте таңу және асқынғандардың алдын алу жолдарын тереңірек қарастырайық.

БАЛАЛАРДАҒЫ ЭНТЕРОБИОЗДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Энтеробиоз – ашы ішекте паразиттік тіршілік ететін гельминттерден (пайдаланатын құрттар) тудыратын антропооздық ауру. Инфекция жұқтырған адамның тұрмыстық заттарымен және тамақтарымен байланыста болады. Энтеробиоз ас қорыту бұзылыстары, перинальды қышу, аллергиялық белгілер және астенонеротикалық белгілер ретінде көрінеді. Ішек паразиті – пинкүрт.

Энтеробиозды *Enterobius vermicularis* (pinworms) дөңгелек құрт тудырады. Олар дистальды аш ішектің шырышты қабығына және тоқ ішектің жоғарғы бөлігін зақымдайды. Гельминттердің өмірлік циклі 1-1,5 айға созылады. Түйін құрттардың дөңгелек, ұзартылған ақ денесі бар. аналықтарының ұзындығы 10-12 мм, ал еркектерінің ұзындығы 4-5 мм.

Түйін құрттар құйрық бөлігінде ерекшеленеді: аналықтарда ол үшкір, ал еркектерде спираль тәрізді. Құрттардың бас аймағында симметриялық көпіршік тәрізді құрылымдар бар. Түйін құрттар перинальды қатпарларға жұмыртқа салу арқылы көбейеді. Аналықтар бір уақытта 15 000-нан 17 000-ға дейін жұмыртқаны шығарады, оқ «қолайлы жағдайда» 3-5 сағатта піседі. Дөңгелек желілуіне 22-39°C температура мен өттегі қажет. Жетілген түйіршіктер қоршаған ортаның өсіресе, дезинфекциялауға және кварцты өңдеуге төзімді. Паразит сабын ерітінділеріне, спиртке, эфирге, лиозолға және 40°C жоғары температурада қайнауға сезімтал. Pinworm паразитизмі дернәсілдік кезеңде басталады.

Ол ішектің шырышты қабығына тез еніп, тітіркенуді және гранулематозды қабынуды тудырады. Балалардағы энтеробиоз жұқтырған адамнан пайда болады. Жануарлар мен жәндіктер тек тасымалдаушы қызметін атқарады. Гельминтозды жұқтырудың негізгі механизмі нәжіс-ауыз арқылы — тамақ, ойыншықтар, тұрмыстық заттар, су және киім арқылы.

Өте сирек механизм - бұл аэрозоль механизмі, онда түйнектер ингаляциалық ауа арқылы денеге енеді. Pinworm инвазиясы «түйік цикл» деп аталатын белсенді арқылы пайда болады: гельминттердің жұмыртқаларын жұту; органың шырышты қабығының паразиттенуі; перинальды аймақта жұмыртқа салу; жұмыртқалар мен дернәсілдердің саусақтармен жана-суы (тырнау кезінде), киіммен және төсек-орымен; және организмге паразиттердің қайталануы.

«Түйік шеңбер» принципіне сәйкес, балалардағы түйіршіктердің жұғуы тек баланың қолымен ғана емес, сонымен қатар айналасындағы заттармен, оның ішінде ойыншықтар, ыдыс-аяқ, жиһаз, еден және есік тұтқалары арқылы да болады. Тіпті жұмыртқа жабысқан шаң да ауру тудыруы мүмкін. Сондықтан балалар ойыншықтарын үнемі тазалап, өр қолданғаннан кейін оларды мұқият зарарсыздандыру маңызды.

Инфекция механизміне сүйене отырып, паразиттің азаға енуінің үш жолы бар: Балалардағы емдеуді құрт инфекциясының алғашқы белгілерінен бастау керек. Жедел кезеңде балада іштің ауырлығы, кешке және түнде жұмсақ перинальды қышу, жүрек айнуы, дәреттің жоғарылауы, таңертең жалпы әлсіздік болуы мүмкін. Бірінші кезеңде ас қорытудың ауыр бұзылыстары жок, нәжіс қалыптасады, төбет сақталады. Жаппай инвазия немесе ретроинфекция кезінде перинальды қышу баланы тәулік бойы алаңдатуы мүмкін.

Кішкентай ашық-қоңыр дақтар - жұмыртқалардың іздері - киім немесе төсек-орындарда көрінеді. Қайталанатын инвазиялар кезінде қышу 5-7 күнге созылады және екі аптадан кейін қайталануы мүмкін. Созылмалы түрге көшу өткір кезеңнен кейін 1,5-2 айдан кейін орын алады. Балада белгілер пайда болады: ануста қатты қышу, түнде күшейеді; жарықтар, эрозиялық зақымданулар,

перинальды дерматит; метеоризм; ішектің бұзылуы; эпигастридегі ауырсыну; іште ауырлық сезімі; әлсіздік, шаршаудың жоғарылауы; ұйқының бұзылуы; зәр шығаруды ұстамау.

Созылмалы жағдайларда, энтеробиоздың классикалық белгілерінің фондына бала бей-жай, түйік, енжар, ашушаң және жыпанақ болады. Экзема және дерматит сияқты аллергиялық тері аурулары жиі дамиды. Иммуитеттің әлсіреуіне байланысты бала вирустық инфекциялармен ауырады. Созылмалы инфекциялардың өршуі мүмкін. Баладағы энтеробиозды диагностикалаудың алтын стандарты - бұл перинальды қырғыш.

Сынақ нәрсете оянғаннан кейін, жуу алдында дереу орындалады. Егер гельминттер болса, жабысқақ таспада түйіршіктердің жұмыртқалары анық көрінеді. Гельминттерді анықтау сынағы емдеу кезінде апта сайын шамамен үш рет жүргізіледі. Энтеробиозға жалпы қан анализі (СВС) нейтрофильді лейкоцитозды және аздап эозинофилияны анықтайды. ПТР, копроскопия, қан мен зәр биохимиялық сынақтары шектеулі диагностикалық құндылыққа ие.

Балалардағы энтеробиоз антигельминтикалық препараттармен емделеді. Бұл препараттардың жоғары уыттылығын ескере отырып, оларды дәрігердің рецептісі қабылдауға болмайды. Егер балада түйір құрттары анықталса, барлық отбасы мүшелері емделеді. Үй жануарлары да антигельминтикалық терапияны алады. Емдеу кезінде және одан кейін киім мен төсек-орындарды 90°C температурада жуып, ыстық үтікпен үтіктеу керек.

Ойыншықтар сабынды суда мұқият жуылады және қайнату арқылы дезинфекцияланады. Аурудың алдын алу: энтеробиоздың алдын алудың негізгі және жалғыз принципі паразиттік инфекцияның алдын алуға бағытталған санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтау болып табылады. Алдын алу шаралары балада түйір құрттары анықталғаннан кейін басталады және емдеу аяқталғаннан кейін жалғасады.

Алдын алу элементтері: жеке бас гигиенасын сақтау; тырнақтарды уақытында алу; балаларды жаман едеттерден (бармақ сору, тырнақ тістеу, ойыншық тістеу) айыру; жеке гигиена құралдарын пайдалану; қаңғыбас жануарлармен байланысын шектеу; зығыр матаны 60°C жоғары температурада жуу, одан кейін үтіктеу; күнделікті таңертең және кешке жуу.

Үнемі ылғалды тазалау; балалар ойыншықтарын жуу және дезинфекциялау. Емдеу кезінде баланың зардап шеккен жерін жаралап алмауын қамтамасыз ету маңызды. Бұл паразиттердің қайта инвазиясына, қатыгез циклге және тері инфекциясына өкелуі мүмкін, бұл отбасының басқа мүшелеріне таралуы мүмкін.

ТУЛЯРЕМИЯ – ТАБИФИ ОШАҚТЫ АУРУ



Туляремия – қоздырғыш терізе/денеге енген кезде пайда болатын жұқпалы фебрильді процесс. Ғалымдар бұл ауруды, көбінесе, ауылдық жерлерге тұраған адамдар шалғайлық аймағы. Дегенмен, соңғы онжылдықтарда қала тұрғындары арасында ауруға шалдығу жиілеуде.

Аурудың ағымының өзі іше сүзегіне ұқсайды. Клиникалық көріністеріне байланысты ауру бірнеше түрлерге бөлінеді. Бұл аурудың негізгі себебі - инфекция болуы таңқаларлық емес.

Негізгі себептерге мыналар жатады:
- Орманда серуендеу кезінде қансорғыш жәндіктердің шағуы арқылы, ал азырақ аспирация арқылы жұқтыру қаупі бар. Туляремия аэробты грамтеріс таяқша тәрізді *Francisella tularensis* бактериясынан туындайды. Алайда туляремияны жұқтырудың негізгі себептерінің бірі жануарларды ұстау және азық таңдау кезіндегі ұқыпсыздық деп қорытынды шығаруға болады.

- Ауылшаруашылық ошақтары ауру кеміргіштердің зәрмен ластанған сабанмен, шөппен, астықпен немесе жеммен жұмыс істегенде ауадағы шаң аэрозольдарын ингаляциялау арқылы пайда болады.

Туляремия - ертүрлі белгілермен сипатталатын табиғи ошақты инфекция.

Бірінші айқын симптом - дене қызуының 40°C дейін көтерілуі. Осының өзі жалпы тәжірибелі дәрігермен кездесуге түрткі болуы керек. Басқа белгілерге көздің қызаруы, ісіну, ауру көрінісі, шаршау, лимфа түйіндерінің ісінуі, тері дақтары мен папулардың пайда болуы жатады. Егер ішек немесе олардың қабырғалары зақымданса, іштің ауыруы, шайыншу және жүрек айнуы мүмкін.

Туляремияның белгілері аурудың түріне байланысты, сондықтан тек маман дәрігер ғана диагноз қойып, аурудың түрін және одан кейінгі емдеуді анықтай алады.

Науқастың диагнозын тек мамандандырылған дәрігер жүргізуі керек. Алғашқы белгілерден кейін аурудың себебін және оның түрін анықтау өте қиын. Туляремияға күдік туындаған жағдайда келесі диагностикалық әдістер қолданылады.

Диагностикалық нәтижелерден кейін дәрігер емдеудің клиникалық курсы сәтті түрде сипаттай алады.

Туляремияны емдеу стационарлық жұқпалы аурулар бөлімінде жүргізіледі. Емдеу кезінде науқас қатаң белгіленген диетаны ұстануы керек.

Туляремияны емдеу антибиотиктер курсы қамтиды: стрептомицин және гентамицин. Басқа кең спектрлі антибиотиктер де қолдануға болады. Бірінші қатардағы емдеу тиімсіз болса, екінші қатардағы антибиотиктер тағайындалады.

Туляремияның алдын алу жеке сақтық шараларын және инфекцияға қарсы әлсіздік шараларын қамтиды: пайдалы тағамдарды жеу, витаминдер қабылдау және таза ауада серуендеу. Профилактикалық кезең өсіресе маңызды, өйткені организм инфекция жұқтырған болуы мүмкін қоршаған ортаға қайта әсер етеді.

Арайлым ШҰҢҒЫЛШИНА,
Мағжан Жұмабаев ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы



Дүйсенбі, 15 маусым	Сейсенбі, 16 маусым	Сәрсенбі, 17 маусым	Бейсенбі, 18 маусым	Жұма, 19 маусым	Сенбі, 20 маусым	Жексенбі, 21 маусым
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ» 07.00 ТАШШОЛПАН. 09.00, 15.50 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ» 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР» 14.15 «АПТА» 14.55 «АҚОРДА» 15.10, 02.30 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.35, 23.10, 02.50 ФУТБОЛ. 17.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ» 21.25 Т/Х «МЫҢ УӘДЕ» 22.20 АШЫҚ АЛАҢ	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ» 07.00 «ТАՏՏՈԼՐԱՆ» 09.00, 15.50 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ» 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР» 14.15 «АПТА» 14.55 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ» 15.35, 23.10, 02.50 ФУТБОЛ. 17.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» 20.25, 02.25 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ» 21.25 Т/Х «МЫҢ УӘДЕ» 22.20 АШЫҚ АЛАҢ	05.30 ӘНУРАН. 05.40, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ» 07.00 «ТАՏՏՈԼՐԱՆ» 09.00, 15.50 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ» 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР» 14.15 ЗАҢ АЛДЫНДА. 14.30 АЛЕМ АІ. 14.55 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ» 15.35, 00.50, 03.50 ФУТБОЛ. 17.20, 03.05 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ» 21.25 Т/Х «МЫҢ УӘДЕ» 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН»	06.00 ӘНУРАН. 06.05 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ» 07.00 «ТАՏՏՈԼՐԱՆ» 09.00, 15.50 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ» 10.10, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР» 14.15 ТАЗА САНА. 14.50, 02.30 ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ. 15.05 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ» 15.35, 23.10, 02.50 ФУТБОЛ. 17.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» 20.25, 02.25 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ» 21.25 Т/Х «МЫҢ УӘДЕ» 22.20 АШЫҚ АЛАҢ	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ» 07.00 «ТАՏՏՈԼՐԱՆ» 09.00, 15.50 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ» 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР» 14.15 Д/Ф. 14.50, 02.35 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ» 15.35, 23.50, 02.50 ФУТБОЛ. 17.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ» 21.25 Т/Х «МЫҢ УӘДЕ» 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	05.15 ӘНУРАН. 05.20, 14.20, 00.50, 04.50 ФУТБОЛ. 07.30 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ» 08.20 Т/Х «БІЗДІҢ ДӘРІГЕР» 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» 12.00 «PRIME ERA» 12.25 «БӨРІ ЕСІМДЕ» 14.35 М/Ф «БЕМБИ 2» 15.40 «АУЫЛ САҚШЫСЫ», Х/Ф. 17.40, 00.25 «ҚОС ПАЛАТА» 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 20.15, 03.05 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ» 20.30 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ!» 22.10 «ТАСЫМАЛДАУ-ШЫ», Х/Ф. 03.20 «АЛЕМ АІ» 03.45 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ!»	07.00 ӘНУРАН. 07.05 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ» 08.00 Т/Х «БІЗДІҢ ДӘРІГЕР» 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» 12.00 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ!» 13.50, 23.50, 02.50 ФУТБОЛ. 14.05 М/Ф «БЕМБИ 2» 15.10 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР» 15.40 «ТАСЫМАЛДАУ-ШЫ», Х/Ф. 17.40 «АҚОРДА» 20.00, 02.00 АПТА. 20.40 «АУЫЛ САҚШЫСЫ», Х/Ф. 22.25 «АСЫЛ АРМАН»

Дүйсенбі, 15 маусым	Сейсенбі, 16 маусым	Сәрсенбі, 17 маусым	Бейсенбі, 18 маусым	Жұма, 19 маусым	Сенбі, 20 маусым	Жексенбі, 21 маусым
------------------------	------------------------	------------------------	------------------------	--------------------	---------------------	------------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00, 00.45 Т/Х «ПАРФИО-МЕРША» 07.00 ОЯН! 09.00 КӨЗҚАРАС. 09.30 ӘЛЕУМЕТ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ» 12.00, 21.30 COVER SHOW. 14.00 М/Ф. 15.00 «БЕЛБЕ ЦЫПОЧКИ», Х/Ф. 17.00 Т/Х «МЕЧТА ЭШРЕФА» 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 «МЕН ОРАЛАМ», Х/Ф. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «50 ПЕРВЫХ ПОЦЕЛУЕВ», Х/Ф. 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00, 00.45 Т/Х «ПАРФИО-МЕРША» 07.00 ОЯН! 09.00, 14.00 М/Ф. 09.30 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ» 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН» 13.00 ОЙНАIQ. 15.15 «50 ПЕРВЫХ ПОЦЕЛУЕВ», Х/Ф. 17.00 Т/Х «МЕЧТА ЭШРЕФА» 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 «БАЙДЫҢ БАЛАСЫ», Х/Ф. 21.30 COVER SHOW. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «СТРАШНО КРАСИВ», Х/Ф. 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00, 00.45 Т/Х «ПАРФИО-МЕРША» 07.00 ОЯН! 09.00, 14.00 М/Ф. 09.30 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ» 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН» 13.00 ОЙНАIQ. 15.00 «ІЗ 13 В 30», Х/Ф. 17.00 Т/Х «МЕЧТА ЭШРЕФА» 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 «ӘКІМ ӘЙЕЛ», Х/Ф. 21.30 COVER SHOW. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «СТРАШНО КРАСИВ», Х/Ф. 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00, 01.00 Т/Х «ПАРФИО-МЕРША» 07.00 ОЯН! 09.00, 14.00 М/Ф. 09.30 НЕОСЕТЬ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ» 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН» 13.00 ОЙНАIQ. 15.15 «СТРАШНО КРАСИВ», Х/Ф. 17.00 Т/Х «МЕЧТА ЭШРЕФА» 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 «БІТПЕЙТІН ТОЙ», Х/Ф. 21.30 COVER SHOW. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «МНЕ БЫ В НЕБО», Х/Ф. 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00, 01.20 Т/Х «ПАРФИО-МЕРША» 07.00 ОЯН! 09.00, 14.00 М/Ф. 09.30 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ» 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН» 13.00 ОЙНАIQ. 15.00 «МНЕ БЫ В НЕБО», Х/Ф. 17.00 Т/Х «МЕЧТА ЭШРЕФА» 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00, 21.40 «БИШАРАШКИ», Х/Ф. 23.20 «БОЙЦОВСКАЯ СЕМЕЙКА», Х/Ф. 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00, 00.30 Т/Х «ПАРФИО-МЕРША» 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.40, 20.00 COVER SHOW. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ» 12.00 «БОЙЦОВСКАЯ СЕМЕЙКА», Х/Ф. 14.00 XXI ГАСЫР КОШБАСШЫСЫ. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН» 17.30 КОНЦЕРТ. 22.00 CREATIVE QAZAQSTAN. 22.30 «ПРЕДСТАВЬ СЕБЕ», Х/Ф. 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00, 23.30 Т/Х «ПАРФИО-МЕРША» 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00, 18.45 КОНЦЕРТ. 09.40 АЗАМАТ. 10.45 ӨМІР ӨРНЕГІ. 12.00 «ПРЕДСТАВЬ СЕБЕ», Х/Ф. 13.50 М/Ф. 15.15 БАЛАМ ҮШІН. 15.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН» 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.15 «ВЫЗОВ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӨНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 15 маусым	Сейсенбі, 16 маусым	Сәрсенбі, 17 маусым	Бейсенбі, 18 маусым	Жұма, 19 маусым	Сенбі, 20 маусым	Жексенбі, 21 маусым
------------------------	------------------------	------------------------	------------------------	--------------------	---------------------	------------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.45, 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 07.35, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.35, 10.50, 14.25 НОВОСТИ. 08.50 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.05 Т/Х «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-3» 13.15 АНАЛИТИКА. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00, 01.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/Х «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-15» 01.45 «ПОТЕРЯННАЯ ЖИЗНЬ» 03.15 ҚАЙМАҚ	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.40, 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 07.30, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.25 НОВОСТИ. 08.45 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 09.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/Х «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-2» 13.05 Т/Х «ПРИНЦ СИБИРИ» 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00, 01.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/Х «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-15» 01.45 «ПОТЕРЯННАЯ ЖИЗНЬ» 03.15 ҚАЙМАҚ	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.40, 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 07.30, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.25 НОВОСТИ. 08.45 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 09.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/Х «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-2» 13.05 Т/Х «ПРИНЦ СИБИРИ» 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00, 01.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/Х «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-15» 01.45 «ПОТЕРЯННАЯ ЖИЗНЬ» 03.15 ҚАЙМАҚ	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.40, 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 07.30, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.25 НОВОСТИ. 08.45 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 09.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/Х «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-2» 13.05 Т/Х «ПРИНЦ СИБИРИ» 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00, 01.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/Х «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-15» 01.45 «ПОТЕРЯННАЯ ЖИЗНЬ» 03.15 ҚАЙМАҚ	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.40, 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 07.30, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.25 НОВОСТИ. 08.45 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 09.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/Х «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-2» 13.05 Т/Х «ПРИНЦ СИБИРИ» 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.25 Т/Х «ЛУЧИК»	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 07.35 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 08.05 Х/Ф. 10.05 «КОМИССАРША», Х/Ф. 15.00 «QOSLIKE» 18.00 «ТАПТЫМ-АУ СЕНІ-2», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.35 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 21.00 Т/Х «ВРАЧИХА» 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.05 АСАУ ЖАНАЛЫҚТАР. 07.50 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 08.10 «ТАПТЫМ-АУ СЕНІ-2», Х/Ф. 10.00, 15.10 «КОМИССАРША», Х/Ф. 14.00 «ГОВОРИМ О ГЛАВНОМ» 16.40 «ПОДОЛЬСКИЕ КУРСАНТЫ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «АНЫҚТАЙМЫЗ. Р. ӨТЕШБАЙМЕН» 21.45 «ВРАЧИХА», Х/Ф. 02.10 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?»

- Жақсы естелік адамды іштен қылытады және іштен бөлшектейді.
- Бастаманы сен жаз, сен бірінші бол, сен өзгелерге үлгі бол.
- Өзгенің пікірі үшін өз өміріңді қиындатпа.
Арсланбек АБДРАХМАНОВ.



АҚ ТІЛЕК

ҚҰТТЫҚТАУ



Асыл жарым, сүйікті атамыз
АХМЕТОВ АҚЫЛБЕК ҚАБЫЛУЛЫ
мүшел жас - 61-ге толуымен құттықтаймыз!
Осынау айтулы күні шаңырағымыздың
ақылшысына айналған ардақтымызға зор
денсаулық, қажымас қайрат, сарқылмас күш-жігер
мен бақытты ғұмыр тілейміз.
Қымбаттымызға тірлікте тұғырыңыздан таймай,
әлі де талай асуларды табандылықпен алып, келер
қиындықтарды қажырлықпен жеңіп, алға қойған
мұраттарыңызға сүрінбей жете беріңіз демекпіз.
Ақ жүректі, дарқан көңіл пейілді,
Ақыл берген адамсыз ғой, мейірлі.
Тойыңызға ақ тілектер арнаймыз,
Келген жасың болсын дейміз қайырлы.
Ақтарылып айтар болсақ, біз егер,
Ортамызда қызық көріп жүре бер.
Ағыны мол өмір дейтін арнада,
Қиындықсыз жүзге дейін жүзе бер.

Жүрекжарды тілекпен: жолдасы Мәуа,
ұлы-келіні, немерелері.

БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ - 2026

**ГАЗЕТКЕ
ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**Құрметті «Мағжан жұлдызы»
газетінің оқырмандары!**

Сіздерге 2026 жылдың екінші
жартыжылдығына жазылу
науқаны жүріп жатқанын
хабарлаймыз.

Газетке аудандық пошта және
газет редакциясында жазылуға
болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу
бағасы:
жеке тұлғалар үшін - 2185
тенге,
заңды тұлғалар үшін - 3372
тенге.

Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80,
редакция - 2-21-35.

ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС- ШАРА

«ҚАРАСОРА - 2026»



Булаев станциясындағы желілік
полиция бөлімшесінің қызмет көрсету
аумағында ағымдағы жылдың 1-ші
маусымы мен 31-ші қазан айлары
аралығында есірткі қылмысының
алдын алу және заңсыз айналы-
мына тосқауыл қою мақсатында
«Қарасора - 2026» республикалық
жедел-профилактикалық іс-шарасы
өткізілуде.

Аталған шараның негізгі мақсаты -
құрамында есірткі заты бар өсімдіктерді
заңсыз өсіру, дайындау, сақтау және таси-
малдау деректерін анықтау, сондай-ақ
есірткі бизнесіне қарсы күресті күшейту.
Іс-шара барысында полиция қызметкерлері
есірткі өсімдіктері өсірілуі мүмкін
аумақтарды тексеріп, профилактикалық
жұмыстар жүргізеді. Сонымен қатар
тұрғындарға есірткінің зияндылығын
түсіндіріліп, жастар арасында салауатты
өмір салтын насихаттауға ерекше көңіл
бөлінеді.

тарды заң талаптарын сақтауға және
есірткіге қатысты құқықбұзушылықтар
туралы ақпаратты дер кезінде хабарлауға
шақырады. Есірткіге қарсы күрес -
қоғамның қауіпсіздігі мен ұлт денсаулығын
сақтаудың маңызды кепілі.
«Қарасора - 2026» іс-шарасы есірткінің
заңсыз айналымын азайтуға және қоғамдық
тәртіпті нығайтуға бағытталған маңызды
шаралардың бірі болып табылады.

Ойрат МЫРЗАЛИН,
Булаев станциясы желілік полиция
бөлімшесінің бастығы,
полиция майоры.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ТЖМ АЗАМАТТАРҒА СУДАҒЫ
ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАЛАРЫН
САҚТАУҒА КЕҢЕС БЕРЕДІ

**СУ АЙДЫНЫНДА ҚАУІПСІЗДІК
ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗДАР**

- Бейтаныс жерлерде шомылмаңыздар
- Жүзу білмесеңіздер, суға беліңізден жоғары түспеңіз
- Суға мас күйінде түспеңіз
- Түнде суға шомылмаңыздар
- Балаларды судың маңайында қараусыз қалдырмаңыздар
- Жағалаудан алыс жүзіп кетпеңіз
- Жүзу үшін тақтайша, камера, пенопласт, үрмелі матрастарды қолданбаңыз

112

1 маусымда елімізде шомылу маусымы басталды. Судағы жаза-
тайым оқиғалардың алдын алу және азаматтардың қауіпсіздік
мәдениетін қалыптастыру мақсатында ТЖМ қызметкерлері белсенді
профилактикалық жұмыс жүргізуде. Құтқарушылар балалардың
қауіпсіздігіне ерекше назар аударады.

Бүгінгі күні еліміздің су айдында-
рында шомылуға рұқсат етілген 733
орын бар. Еліміздің су айдында-
рында суға шомылуға болмайтыны
және тыйым салынғаны туралы
«Шомылуға тыйым салынады»
деген ескерту белгісі орнатылды.
Тыйым салынған және рұқсат
етілген шомылу орындары туралы
деректер «2GIS» платформасында
орналастырылған.

Су айдындарындағы жазатайым
оқиғалардың көпшілігі рұқсат
етілмеген және жабдықталмаған
су көздерінде болады. Әрбір азамат
су айдындарындағы қауіпсіздік
ережелерін қатаң сақтауы тиіс.

ТЖМ судың жанында болған кезде
қарапайым қауіпсіздік ережелерін
сақтау қажеттігін еске салады:


- балаларды су айдындарының
жанында қараусыз қалдырмаңыз
және ересектердің бақылауынсыз
шомылуына жол бермеңіз;
- бейтаныс және шомылуға жаб-
дықталмаған орындарда, сондай-ақ

«Шомылуға тыйым салынады»,
«Сүңгуге тыйым салынады»,
«Қауіпті! Иірім» белгілері қойылған
жерлерде шомылмаңыз;
- мас күйде суға түспеңіз;
- шомылу аумағын белгілейтін
қалқымалардан асып жүзбеңіз;
- шағын көлемді кемелер мен
өзге де жүзу құралдарына жақын-
дамаңыз;
- тексерілмеген және жабдықтал-
маған жерлерде суға сүңгімеңіз;
- жүзуге арналмаған заттармен
суда жүзбеңіз;
- қайықтардан, катерлерден,
айлақтардан, табиғи жартастардан,
тастардан, қоршаулардан және
осы мақсатқа арналмаған өзге де
құрылыстардан суға секірмеңіз.

Осы қарапайым қағидаларды
сақтау сіздің және жақындары-
ңыздың өмірі мен денсаулығын
сақтауға мүмкіндік береді.

ҚР Төтенше жағдайлар
министрілігі.

АЛАЯҚТАРДАН ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАҢЫЗ



Өзіңізді алаяқтардан қорғау үшін eGov mobile
мобильді қолбандасы арқылы «Банктік қарыздар
мен шағын несиелерді алудан ерікті түрде бас тарту»
қызметіне қосылуыңызға болады.

<p>Директор - бас редактор Нелі ГОНЧАР</p> <p>Газеттің мөнішкесі: «Газета «Весты» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баиян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басқалым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldzizi@yandex.kz</p>	<p>Газет антасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360</p>	<p>«Magjan julyzy» газеті редакцияда терісін беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Коммуков кө-сі, 5 үй). Таралымы - 600</p>	<p>Газет аудан «сінінің, аудандық мәслихаттың таңырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми баспа болып табылады</p>
---	--	--	--	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есенке алынып, №17395-Г күзегіні алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғалжабалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мөнішкіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарлауға болады